



Қилы заман қияпты

1925 жылы елді басқаруға жіберілген орталық эмиссары Филипп Голощекиннің келісімен таптық идеология ерекше қарқынмен өршітілген-ді. Эйгілі «Кіші Қазан революциясының» мұратына сәйкес, ағайындардың ара-жігін бай және кедей деп жауықтыра бөлу мақсатымен, ауыл-ауылда қоғамды екі жарып, жұлдызы жараспас қарсы таптарға аша түсетін сына қағылған болатын. 1931-1933 жылдарғы алапат ашаршылық осы солақай большевик-қайраткер жүргізген, қазақтың ұлттық мұддесін мұлдем елемеген, керісінше, ұлт тағдырына керенау қараған, ұлтына жаны ашып іс-әрекетінде, ой-пікірінде ұлтшылдық, яғни ұлт қамын құйттеушілік сипат танытқандарды «ұлтшыл» деген теріс саяси айырым тағып айыптаған, республиканың ұлттық мемлекеттілік нышандарын біржола жоюға тырысқан саясаттың салдары еді. Жасанды айып тағуға негізделген саяси репрессиялар да республика басшылығына Голощекин келгеннен басталды. Ол Совет өкіметінің орталық қалалар мен губернияларда қолданған таптық күрес тәсілдерін біздің елге – көшпендейлік өмір салты басым, жұмысшы табы жоқтың қасындағы қазақ еліне – сол қалпында көшірді. «Октябрь революциясының дауылы қазақ ауылдарын айналып өткен» деп, «Кіші Октябрь революциясын» жасау ұранын көтерді.

Халықтың тұтастырын көздейтін, «елді жаңа сілкіністер емес, білім, оқу-ағарту құтқарады» деп білген ұлт қайраткерлерінің кедей мен байды жауықтырмау, «азаматтық бітім» орнату идеясына кереғар, Голощекин жүртты «қанаушы» мен «қаналушыға» жіктең, араларында «азамат соғысы» өртін тұтату жағында тұрды. Сөйтіп дәстүрлі қазақ ауылдарындағы ағайындарды таптық мұддеге сай жіктелді. Өзін қолдаушылар қатарын көбейту үшін ол «алашордашы» деп аталатындарды партия-совет қызметінен де, оқу-ағарту саласынан да аластады. Қызметкерлердің ой-санасын қырнап, тегістеп, біркелкілендіруді, өз тілімен айтқанда «нивелировка жасауды» мақсат етті. Пікірлері өзінікімен үйлеспейтін ұлттық кадрларға «рысқұловшылдық», «қожановшылдық», «сейфуллиншілдік», «сәдуақасовшылдық», т.с.с. айдарлар тағып, «партия бағытын бұрмалайтын» топшылдар, ұлтшылдар деп айыптағы. Олар «өздері озу үшін, өз адамдары үшін құрескенде ажырасады да, ұлтшылдар ретінде, байлардың идеологиясын, алашордашылдардың идеологиясын жүргізушилер ретінде толығымен бірігіп кетеді», – деп сөуегейленді. Арнайы қызметтің қолымен «ұлтшыл» атаулының көзін біржолата құртууды ұйымдастырды. Ол өзінің озық реформа санатында дәріптеген әлеуметтік-экономикалық есендірету шараларының қайғылы салдарын «халық жауларына» жапты. Қазақ Республикасының 10 жылдығына орай жасаған баяндамасында «кәмпеске де – жұт» деп білген «Байтұрсыновтың жойылған контрреволюциялық ұйымының ұлтшылдары» туралы әңгімелеп, «қазіргі сәтте Тынышпаев, Ермеков пен Досмұхамедовтің тағы бір контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымы

жойылуда» деп хабарлаған-тын. 1930 және 1932 жылдары репрессияланған осы екі ұйым жайын тәуелсіздік тарихшылары жан-жақты қарастырып, ұлт қайраткерлеріне жасанды айып тағылғанына көз жеткізді. Мәскеуде ОГПУ алқасы Қазақстаннан әкелінген 43 тұтқынды (44-інші түрмеде сот шешіміне дейін қаза тапқан) мынандай төрт түрлі «контрреволюциялық ісі» үшін жазалаған-ды: олар 1/ 1921-1922 жж. астыртын ұйым құрған-мыс; 2/ шекара сыртында жүрген Зәки Валидовпен байланыс орнатқан-мыс, 3/ жастардың басын айналдыру, «Алқа» үйірмесін құру, байлармен байланыста болу арқылы антисоветтік күштер даярлаған-мыс; 4/ совет өкіметін құлату мақсатымен қарулы көтеріліс жасауға әзірленген-міс. Торғай даласында Міржақып Дулатовтың ағасы Асқар басқаратын «байлар бандасы», сондай-ақ Сарысу ауданында «Әділовтің бандасы» болған-мыс. «Алашордашылардың» басқаруши тобы үлкен міндеттер артқан бұл «банданың» басында алғашқы Қазақ Орталық Атқару Комитетінің мүшелері Байсейіт пен Дінше Әділовтер тұрған, олар «тәркілеуге (конфискацияға) қарулы қарсылық көрсету үшін Сарысу ауданындағы барлық бандиттік элементтерді өздерінің маңына топтастырған»-мыс. Алайда 1928 жылғы тәркілеу науқанында олар нақты қандай қарсылық әрекеттер жасады, бұл айыптау мәтінінде мүлдем айттылмайды. Тергеу материалдарында ағайынды жеті Әділовтің есімі аталады, бірақ жазаланғандар ішінде үлкені жоқ. Ол, азаттық қозғалысына қатысушы, Ақмола облысында совет өкіметін орнатушылардың бірі Байсейіт Әділов, 1928 жылы тұтқындау операциясы кезінде оққа ұшып, Шу бойындағы аудан орталығы Кент-Арал ауылы маңына ОГПУ өкілінің бақылауымен жерленген-тін. (Оны жерлестері қатты қадірлекен еді. 30-шы жылғы Сарысу-Созақ көтерілісінен кейін жұрт ауылды тастап кетсе де, ұмытпай, 90 жыл өте, сүйегін Саудакент ауылына апарып қайта жерледі). Ал оның інісі Дінше Әділов 1930 жылы ату жазасына кесілген. Ол 1917 жылы Омбыда Әлихан Бекейханов қатысқан жиналыста Алаш партиясының Ақмола облыстық комитеті мүшелігіне сайланған ұлт қайраткері, 1918 жылы Қиыр Шығыста Қызыл гвардия қатарында ақтармен шайқасқан, 1920 жылы Алматыда Жетісу облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі болған, сол жылы құздегі Қазақстан Қеңестерінің I съезінде Орталық Атқару Комитетінің – Қазаткомның мүшесі болып сайланған, республика Ішкі істер халық комиссарының орынбасары, бірер уақыт міндеттін атқаруши болып істеген мемлекет қайраткері, 1921 жылы Қеңеске қарсы Орта Азияда жүргізілген астыртын қызметке қатысып қайтқан тәуелсіздік күрескері, 1925-26 жылдары Ұлт театрының тұңғыш директоры (бас режиссері, көркемдік жетекшісі) ретінде бүгінгі М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрының шаңырағын алғаш көтерген мәдениет қайраткері еді. Осы азаматпен әлдебір байланыста болды-ау, аудандағы сегіз ірі байды тәркілеуге әлдеқандай наразылық белгілерін білдірді-ау дегендердің бәрі 1929 жылдың ортасына дейін қамауға алынды. Қеңес Одағы Біріккен Саяси Бас басқармасының (ОГПУ) Шығыс бөлімінің 2-бөлімшесі

бастығының көмекшісі Павлов Мәскеуде 1930 жылғы 12 наурызда Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Дінмұхамед Әділовпен бірге барлығы 44 адамға айып таққан 78754-іс («Алаш ісі») бойынша айыптау қорытындысын жасады. Шығыс бөлімінің бастығы Дьяков бекіткен осынау айыптау қорытындысындағы «Әділовтің бандасы» деген арнайы тарауда алашордашылардың басшылары «шалғайдағы Сарысу ауданында түрған Әділовтің бандасына» да «үлкен үміт артқаны» атап көрсетілген. Сарысудың 18 тумасы, олардың алтауы ағайынды Әділовтер, Мәскеудегі Бутырь түрмесінде Ахаң, Жахаң бастаған 44 алашордашы қатарындағы «бандиттер» ретінде істі болып жатқанда, күллі Қазақстан аймақтарында орашолақ реформаға қарсы қарулы бас көтерулер орын алды. Іргелес Созақ пен Сарысу аудандарының азаматтары да көтерілді. Көтерілістердің баршасы аяусыз басып-жанышылды. Жазалау операцияларында жүздеген жан оққа ұшты. Қатысқандар сотқа тартылды. Көбі түрлі мерзімге кесілді, айдалып кетті, едәуір бөлігі атылды. Тек Сарысу көтерілісіне қатысты деген айыппен 1930 жылы 25 адамға ату жазасы берілген.

Қазақстандағы саяси репрессиялардың тілге тиек етілген алғашқы толқыны 1928 жылғы күзге салым, Қазаткомның әйгілі декретіне сәйкес «жартылай феодалдардың мал-мұлқін кәмпескелеу» науқаны қызған тұста басталған-тын. Эмиссар Ф. Голощекин тәркілеу үдерісіне «кедергі келтіруге ниеттенген» ұлтшылдар ұясын талқандау операциясын жүргізуі қызмет мекемесіне тапсырған.

Көкірегінде сәулесі бар-ау дегендердің баршасын бақылауында ұстап, құлы мәліметтер жиып отырған «чекистер» аялдамай іске кіріскең-тін. Алғашқы тұтқындаулар байларды тәркілеу науқанының соңына қарай жүргізілді. 1928 жылдың қара күзінде, әуелі мемлекеттік жоспарлау комитетінің қызметкері Халел Ғаббасов, сосын Ұлт театрының директорлығынан кейін жұмыссыз жүрген Дінмұхамед Әділов және оның бауырлары мен ауылдастары тұтқындалды. Одан «Еңбекші қазақ» газетінің қызметкерлері Міржақып Дулатов, Ахметсафа Юсупов, сосын Қазақ университетінің профессоры Ахмет Байтұрсынұлы, Шымкент педагогика техникумының оқытушысы Жұсіпбек Аймауытов, ақын Мағжан Жұмабаев, әдебиетші Әбдірахман Байділдин, басқа да азаматтар қамауға алынды.

Қызылордада, Алматыда біраз тергелгеннен кейін, 1929 жылдың ортасынан өте жасанды айыптар тағылған 44 азаматтың ісі Мәскеуге жөнелтілді. Тұтқындардың өздері де сол жылдың күзінде бірнеше топ бол Мәскеу түрмелеріне жеткізілді. Сонда қосымша тергеулер жүргізіліп, 1930 жылғы 4 сәуірде ОГПУ алқасының үкімі шығарылды. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған он бір азамат ату жазасына, қалғандары түрлі мерзімге лагерьлерге жіберуге үйіралды. Солардың ішінен төртеуі (мәдениет қайраткері Д. Әділов, жазушы Ж. Аймауытов, әдебиетші Ә. Байділдин, журналист А. Юсупов) екі аптадан сәл өте, 21 сәуірде атылды.

Бұл шешімнің бас тапсырыс беруші Ф. Голощекинді қанағаттандырып әм

қанаттандырғаны сондай, сол жылы Қазақстанның он жылдығына арнап өткізілген салтанатты жиналыста Ахмет Байтұрсынұлы басында тұрған алашордашылардың «жойылған ұлтшылдық үйымы» жөнінде масаттана хабарлап, Мұхамеджан Тынышбаев бастаған тағы бір ұлтшылдар үйымы жойылу алдында тұр деп мәлімдеді. Осылай республика партактивіне «революцияның қаһарлы қаруы» құдіретін паш етті. Алайда ұзамай, 1931 жылғы 8 қаңтарда, ОГПУ алқасы 1930 жылғы 4 сәуірдегі үкімін қайта қарап, жазаның жоғарғы шарасы берілгендердің (үкімнің қайта қаралу нәтижесін тоспай, қандай себеппен екені белгісіз, шұғыл атып тасталған төртеуден басқа) бірқатарын атылудан құтқарып, он жыл лагерьге айдаумен алмастырды. Бәлкім кіндік жазалаушы мекеменің осы шешімі, әлде басқа да ауызша пікірі әсерін тигізген шығар, қазақстандық чекистер 1931 жылғы 29 қазанда құпия қызмет абақтысында өткен жылдан бері жатқан 18 тұтқынды тергеу «№ 2370 іс бойынша сотқа беруге жеткілікті дерек болмағандықтан» тоқтатылатыны жайында қаулы алды. Сөйтіп Қоңырқожа Қожықов, Садық Өтегенов, Әзімхан Кенесарин, Серікбай Ақаев, Алдабек Мангелдин, Иса Қашқынбаев, Дәлел Сәрсенов және солардың қатарындағы тағы он бір «ұлтшыл» айыпталушыны тергеу «іс бойынша жиналған дәлелдің жетімсіздігіне байланысты» доғарылып, бәрі тұрмeden шығарылды да, қолдарына қамауда ұстаған мерзімдерін көрсеткен анықтама берілді. Сосын «іс бойынша жеткілікті дәлел жиналған» Әлімхан Ермеков, Мұхамеджан Тынышпаев бастаған 20 адамға қозғалған № 2370 істің «ұш негізгі тергеу томы, 9 том қосалқы істер және 40 дана фотосурет» 1931 жылғы 21 желтоқсанда Мәскеудің қарауына, яғни ОГПУ Алқасының 1930 жылғы алғашқы толқынды репрессиялағандай шара қолдануы үшін жіберілді. (Мұның алдында, 1931 жылғы 11 желтоқсанда, «ОГПУ Алқасы жанындағы Ерекше Қеңеске» М. Тынышпаев пен басқаларды айыптайтын № 2370 іс бойынша 3 том және солармен байланыстырылған істер, барлығы 12 том жолданған болатын). «Бұрын «Алаш-Орда» құрамында және контреволюциялық ұлтшылдық үйимда болған... қазақ ұлтшылдары тобына ашылған № 2370 іс бойынша» 44 беттік Айыптау қорытындысы жасалған-ды. Оның «Тарихи анықтама» деп аталған алғашқы тарауы «Февраль революциясынан кейін ұлтшыл «Алаш» партиясы құрамына кірген, «Алаш-Орда» үкіметінің құрамында болған, сөйтіп орыстың ақғвардияшыл казактарымен және генерал Колчактың контреволюциялық армияларымен бірге Совет өкіметіне қарсы ашық күрескен, содан соң контреволюциялық армиялар мен үкіметтер тасталқан болғаннан кейін амнистия жасалған қазақтың буржуазиялық-ұлтшылдық интеллигенциясының өкілдері контреволюциялық кіндігін сақтап қалды да, өздерінің антисоветтік қызметін жалғастыра берді» деген тұжырымды сөйлеммен басталған. Одан әрі «бұрынғы алашордашы Әлімхан Ермеков 1921 жылдың басында Мәскеуде болып, (қазұлтшылдардың астыртын к-р үйымы туралы іс бойынша 1930 ж. ОГПУ Алқасы соттаған) көрнекті ұлтшыл Байтұрсынұлымен бірге

башқұрт ұлтшылы Валидовпен астыртын к-р үйым құру туралы келіскең» дейді. Үйымның орталығы ретінде Орынбор қаласы таңдалғанын, көп ұзамай Халел Досмұхамедов мен ОГПУ Алқасы соттаған Міржақып Дулатов осы үйымның Ташкенттік филиалын құрғанын айтады. Ішінде Мұхамеджан Тынышпаев, Жаһанша Досмұхамедов, Мұхтар Әуезов те бар үйым мүшелерінің 1922 жылы ашаршылыққа ұшыраған халыққа көмек беруді үйимдастырғанын, сол іс барысында үйимға жаңа мүшелер тартқанын, 1923 жылы болған 12-ші партсъезге ұлт мәселесі жөнінде талаптар әзірлегенін, Қазақстандағы 2-ші Советтер съезінде тек қазақ делегаттармен жеке мәжіліс өткізіп, «отаршылдықтың өршүі және онымен қурес түрлерін» талқылағанын баян еткен. Басмашылық жойылғаннан кейін үйим тарқады, бірақ оның мүшелері бір-бірімен байланысын үзбей, «партия мен Совет өкіметінің мақсатын бұрмалау мақсатымен» Совет және партия аппараттарына кіріп алуға ұмтылды деп, «дәлелдер» келтірген... Айыптау қорытындысының «Ұлтшылдық контреволюциялық қызмет» деп аталған екінші тарауындағы алғашқы тармақта үйимның жер мәселесінде «Алаш» партиясы бағдарламасының аграрлық бөлігін жүзеге асыруға тырысқаны айтылады. Яғни олар «бірінші кезекте жермен жалпы туземдік халықты, әлеуметтік қабаттарға шектеместен, жерді ру болып пайдалану шартымен қамтамасыз етуді» көздеген. «Бұл жұмысты ұлтшылдар мен к-р үйим мүшелерінен тысқары аса көрнекті ұлтшыл, жер халкоматының қызметкери Мұрзин Мұқтар жүргізген» деген түйіні бар. «1928 жылғы бай мұліктерін қампескелеу жөніндегі науқанға қарсы әрекет» деп аталған тармақта астыртын үйимның бұрынғы мүшелерінің «еңбек шаруашылығын анықтайтын мал санының шектеулі нормасын көбейтуге, сөйтіп жойылуға тиіс бай шаруашылықтарының санын қысқартуға тырысқанын» көрсеткен. «Шаруашылықтарды ұжымдастыру жөніндегі науқанды бұрмалау» тармағында олардың ұжымшарларды мақұлдамаған көзқарастары айтылған. «Ет әзірлеу» тармағында айыпталушылар ет дайындауға берілген тапсырманы большевиктердің «отаршылдық» саясатының бір түрі деп есептеді дейді. «Мәдениет майданы» атты тармақта үйим мүшелерінің оқушы жастарды ұлтшылдық рухта тәрбиелегені әшкереленеді. «Бандаларға» арналған тармақта 1930 жылы репрессияланған Әділовтер ісін тағы талдап көрсетіп, жер-жердегі бандалардың бас көтерулеріне бұрынғы үйим мүшелерінің қатысын әшкерелейді де, одан әрі тұтқындарға жеке-жеке айып тағады... Бірақ ССРО Біріккен мемлекеттік саяси басқармасы (ОГПУ) қазақ мемлекетіндегі Сырдария губкомының төрағасы Үдырыс Мұстанбаев диктатор деп бағалаған Голощекиннің үш үйіктаса түсіне кірмеген, тап солай болар-ау деп ешқашан күтпеген мінез көрсетті. Іс екі айдан кейін «осы 20 айыпталушы үстінен қосымша тергеу жүргізілсін немесе бәрі де босатылсын» деген ұсыныспен Қазақстандағы өкілдікке кері қайтарылды. Ол аздай, «ОГПУ-дің Толық өкілетті Өкілдігін қадағалау жөніндегі ҚССР Прокуроры Столбова жолдасқа ССРО Жоғарғы Сотының

Прокурорынан» құпия түрде 1932 жылғы 8 наурызда шұғыл хат келді. Онда «ҚҚ-тің (Қылмыстық Кодекстің) 58/7, 11, 59/3 бабтары бойынша айыпталған Әлімхан Ермековті, Досмұхамедовтерді, Омаровты, Ақпаевтарды және басқаларды, барлығы 20 адамды, ОГПУ Алқасына мәні бойынша қарау үшін» Қазақстандағы ОГПУ-дің Толық өкілетті Өкілдігі жолдаған істің осы 1932 жылғы ақпанның аяғында кері қайтарылғаны хабарлана отырып, сол іс бойынша жасалған айыптау қорытындысында Прокурор Столбованың келісім бергені туралы қорытындысы бар екені, сол себепті оның өзіне тікелей хат жазылып отырғаны ескертіліпті. Қазақстандағы ОГПУ-дің Толық өкілетті Өкілдігі «тергеуді бір жарым жыл бойы жүргізгеніне қарамастан», жұмысын сапасыз қорытқаны ССРО Жоғарғы Соты Прокурорының осы хатында атап айттылды. Сөйтіп Орталыққа жіберілген № 2370 істі тексеріп қарау оны мән-мағынасы жөнінен ОГПУ Алқасында тыңдаудың мүмкін еместігін көрсетіпті. Мұндай қорытынды жасауға екі түрлі себеп болған. Біріншіден, айыпталушылардың «Қазақстандағы саяси бандитизмге қатысы, олардың үйымдастырушылық және жетекшілік рөлі дәлелденбеген». Сонымен бірге «айыпталушылар және орталық үйым мен нақты бандиттік жасақтар арасындағы байланыс» буындары айқындалмаған. Екіншіден, айыптау қорытындысы негізінен айыпталушылардың «1918–22-ші жылдарғы контреволюциялық өткеніне» сүйенген. Ал істе жинақталған соңғы жылдар материалдары, Прокурордың ойынша, олардың өткендегі контреволюциялық қызметін жаңғыртуын танытатында ешқандай нақты көрсету бермейді, олар, мықтағанда, «ұлтшылдық көзқарастар мінездемесі ретінде ғана» қарастырыла алады. Сондықтан мәскеулік прокурор: «Осы іс бойынша тергеудің қанағаттанғысыз жүргізілгеніне Сіздің назарыңызды аудара отырып, оны өте қысқа мерзімде аяқтау үшін Өзіңіз тікелей бақылауға алып, қажет шара қолдануды ұсынамын», – деп қатаң түйген. Сонымен бірге алматылық әріптесіне: «Қылмыстық іске тартылғандар-дың бірінің, атап айтқанда, шал және мұлдем ауру Ақпаев Жақыптың арызын осымен бір мезгілде жібере отырып, оған және басқа айыпталушыларға да қолданылған алдын кесу шаrasын (яғни түрмеге қамап қоюларын – Б.К.) қайта қарауды ұсынамын» деп тағы бір ұсыныс айтыпты. Солардың орындалуынан хабардар етуді сұрап, хатына Ж. Ақпаевтың 9 беттік арызын қоса тіркеген.

Хатқа 1932 жылғы 21 наурызда алматылық лауазымдылардың бүрыштамалары соғылып, соңына қызыл сиямен «Полит. скандал» деген сөз түсіріліпті. Бұл шынында да «саяси масқаралық, масқарапаздық жанжалға» ұшыраудың тап өзі еді. Голощекин, шамасы, өзінің аса маңызды тапсырмасын құпия қызметтің осынша оралымсыз орындағанына қүйіп-піссе керек. Әрине, ол ОГПУ өкілдігінің басшыларымен де, Мәскеудегі бұған қатысы бар орталық мекемелердің қызметкерлерімен де тиісті әңгімелер жүргізді. Нәтижесінде Совет Одағының ОГПУ алқасы жанындағы айрықша уәкіл Владимир Фельдман мен ОГПУ-дің Қазақстан бойынша толық өкілетті өкілінің орынбасары,

сонымен бір мезгілде өкілдіктің Құпия-оперативтік басқармасының бастығы Сергей Наумович Миронов (шын аты-жөні – Мирон (Меер) Иосифович Король) Алматыдан 1932 жылғы 4 сәуірде Мәскеудегі Біріккен мемлекеттік саяси басқарма төрағасының орынбасары Иван Акуловқа мынандай жеделхат жіберді: «Мәскеу. ОГПУ. Ақуловқа. Ұлтшылдар ісі бойында қосымша тергеу жүргізу нақты нәтиже бермейді. Оларды бостандыққа жіберу қазақ ұлтшыл элементін өршітіп жібереді. Өлкे басшылығына және ОГПУ органдарына шабуылдардың жаңа толқынын туғызады. Осыған және Өлкенің саяси жағдайына сүйене отырып, қазіргі уақытта айыпталушыларды Қазақстан шегінен тысқары жақтарға жер аудару мақсатымен істі ОГПУ Алқасының Көшпелі Сессиясында қарауға санкция беруіңізді өтінеміз. Шұғыл жауап тосамыз».

Алайда оң жауапқа шұғыл қол жеткізе алмағандықтан, Голощекин Алматыға келген Орталық бақылау комиссиясы төралқасының мүшесі, партия алдында беделі зор байырғы коммунист Арон Сольцті қатыстырып, чекистермен маңызды мәжіліс өткізеді де, өз ойын мақұлдатқан шешім шығартады. Артынша, 1932 жылғы 20 сәуірде, ОГПУ-дің Қазақстандағы толық өкілетті өкілі Василий Каруцкий «Сольц, Фельдман, Голощекин қатысқан кеңестің шешімін жүзеге асыру ретімен» Алматыдан Мәскеуге, ОГПУ төрағасының орынбасары И. Акуловқа арнайы жеделхат жолдайды. Бұл телеграммада «Өлкедегі саяси ахуалды, ұлтшылдар ісі бойынша тұтқындалғандардың бәрін беталды босата салудың зиянын ойлай отырып», Толық өкілетті өкіл Каруцкий аталған мәжілісте келісілген шараны айыпталушыларға өз тараптынан қолдану үшін кіндік басқармадан рұқсат сұраған екен. «ОГПУ Толық өкілетті Өкілдігінің мына шешіміне санкция беруді өтінемін» деп, № 2370 істе қозғалған 20 адамға Қазақстандағы Өкілдік тараптынан қолданылмақ шараларды үш топқа жіктеп жазыпты. Біріншіден, «Орта Азия мен Батыс Сібір республикаларында тұру құқынан айырып, концлагерьге қамау шарасы Қазақстан шегінен тыс жаққа бес жылға (алдын ала тұтқындалған мерзімін есепке алып) жер аударумен алмастырылсын» деп ұйғарылған 15 адамдық үлкен топ (Тынышпаев Мұхамеджан, Мұңайтпасов Әбдірахман, Кеменгеров Қошмұхамед, Құдерин Жұмахан, Досмұхамедов Халел, Досмұхамедов Жаһанша, Қадырбаев Сейдазым, Үмбетбаев Алдаберген, Ақпаев Жақып, Қожамқұлов Нәшір, Омаров Әшім, Бұралқиев Мұстафа, Тілеулин Жұмағали, Ақпаев Абдулхамит, Мұрзин Мұхтар) тізімін берген. Екіншіден, «Омаров Уәлихан, Сүлеев Біләл, Үсқақов Даниял алдын ала қамалған уақытын есепке алып, біржолата босатылсын» деп көрсетіпті. Үшіншіден, «Ермеков Әлімхан, Әуезов Мұхтар концлагерьге шартты қамауды қолданып, немесе идеологиялық түрғыда қарусызданып декларация жария еткендіктерін, өз кінәсін мойындағандықтарын және адал қызмет етуге міндеттеме алғандықтарын есепке алып», қамаудан босатылсын деген көрінеді. Өкілдіктің үкімімен жер аударылатындар жіберілетін аудандарды атап айтуды Мәскеуден өтіне отырып, олардың

Шығыс Сібір, Орталық Қаратопырақты облыс, басқа да ішкі аудандар болғанын қалайтындарын да айттыпты. Айыпталғандардың «әрқайсының жеке-жеке санкция беру мәселесі Голощекин жолдаспен келісілді» деп хабарлай келе, осыларға қатысты кіндік мекеменің шешімі жайында өздеріне шұғыл телеграфпен хабарлауды сұрапты. Көп үзамай Мәскеуден «барлық тұтқындалғандарға қатысты белгіленген шаралармен келісетіндіктерін» айтқан жеделхат келді. «Жер аударылатын орын – ЦЧО (Орталық Қаратопырақты облыс)» деп көрсетілді. 1932 жылғы 10 сәуірде Акулов та: «Қарсылық жоқ» деп хабарлады. Алматыдағы Толық өкілетті өкіл Каруцкий қызметкерлеріне: «аялдамастан Үштіктің қаулысы рәсімделсін», «екі күндік мерзімде жүзеге асырылсын», «ЦЧО-ға ерекше хат, дербес меморандум жазылсын» деген тапсырмалар берді. 1932 жылғы 30 сәуірде Қазақстандағы ОГПУ ТӘ (ПП) Үштігі отырысының жоғарыда аталған 15 тұтқынды «бес жылға концлагерьге қамау, жазаны сол мерзімге ЦЧО-ға жер аударумен алмастыру», қалған бесеуін түрмеден босату жайындағы қаулысы шықты.

Ұлт қайраткерлерін бұл жолғы жазалау шарасы Голощекиннің алғашқы көздегеніндей болмағанмен (тіпті 18 «ұлтшыл» түрмеден сотқа жеткізілмей босатылса да), ұлттық мұддені ойлайтын қайраткерлерді белгілі дәрежеде ауыздықтап, жұртшылықты ұдайы үрей шеңберінде ұстап тұруға едәуір қызмет етті...

Жұрт реформа талаптарына бейімделіп, тіршілік біртінде қалыпқа түсे бастағанда, Ұлken террор дауылды соқты. Бұл науқан бойы республикада жүз жиырма мыңдай жан репрессияланып, жиырма бес мыңдай адам оққа байланғаны мәлім. Солардың қатарында жүз шақты сарысулық қуғын-сүргінге ұшыратылды, олардың көпшілігі атылды, талайы лагерълерде құлдарша еңбек етіп, казармалық социализм көрігін қыздырды. «Аспаннан түскен жасын-ды, Жасынға тіктім басымды. Теңізден маржан сұзгендей, Теріп бір алды-ау асылды! Қаптай да көшкен қауымның, Қорымы қалды-ау, о, жалған! Ардағы кетіп ауылдың, Тобыры қалды-ау, о, жалған!» – 31–33-жылдарғы алапат ашаршылық пен 37–38-жылдарғы «халық жауларын әшкерелеу» науқаны құрбандарына кезінде осындай зарлы жоқтау шығарылды...

Әлбетте тарих доңғалағы кері айналмақ емес, әйтсе де қалтарыста қалған жорымалы белеске көз жүгірту арқылы қолдан сузып кеткен ықтимал өзгерістерді бағамдап байқау, тиісінше алдағы жолдардың тиімдісін қапысыз таңдай алу әбден мүмкін болмақ. XX-шы ғасырдың басынан өріс алған жаңа тұрпатты қазақ ұлт-азаттық қозғалысы 1917 жылғы желтоқсанда жеңісті шыңына жетіп, ұлттық тұтастықты аңсаған Алаш автономиясын құрды, автономияның үкіметін – «Алаш-Орда» Халық Қеңесін сайлады. 1918 жылғы наурызда Алаш-Орда төңкеріс жасау жолымен Ресей Республикасы билігіне келген большевиктер үкіметімен – Халық Комиссарлары Қеңесімен (Совнаркоммен) – тұңғыш рет келіссөз жүргізді. Сол жолы Совет өкіметінің жоғарғы басшылығы монархия ыдырағаннан кейінгі революциялық ахуалда шаңырақ

көтерген қазақтың ұлттық автономиясын мойындаған болатын. «Алаш-Орда» Халық Кеңесінің мүшесі Жанша (Жаһаншах, Джиганша) Досмұхамедов Орал облысы қазақтарының кезекті съезінің шешімі бойынша құрамында Халық Кеңесінің мүшесі әрі облыстық земство басқармасының бастығы Халел Досмұхамедов пен бірнеше мүшесі бар делегацияны бастап барып, Предсовнарком (Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы) Владимир Ильич Лениннің алдында баяндама жасады. Орынборда 1917 жылғы 5–13 (18–26) желтоқсанда қазақ автономиясын құрған Екінші Жалпықазақ съезінің құжаттарын тапсырды, солардан заманауи өзгерістерге орай туындаған өзекті талаптарды алға тарта сөйлемді. Келіссөз сәтті өтті. Делегация Кіші Совнаркомда (РСФСР үкіметінің жанындағы Халкомкеңес-тің қарауына жататын мәселелерді алдын ала қарау үшін құрылған тұрақты комиссияда) шешуге қойып отырған ұсыныстарын большевиктік билік талаптарымен ұштастыра пысықтаумен шұғылданды. Совнарком қорытылған ұсыныстарды мақұлдады, Орал облысындағы земство мекемелерінің жұмысын жалғастыра беруіне келісті, сондағы қазақ ұйымдарын совет рельсіне аударуға қажетті қаржылық сома бөлді, Ұлттар комисариаты ішінен қазақ бөлімін ашуға, сөйтіп көпке ұзатпай советтік қазақ автономиясын жариялауға уәде берді. Ұлттар істері жөніндегі халық комиссары Сталин төте желімен Семейдегі Орталық Алаш-Орда басшыларымен сөйлесті.

Делегация осылайша Алаш ұлттық автономиясын орталық кеңес өкіметіне танытып-мойындағып, кері қайтты. Жолда Орал өнірінің тұрғындарына үндеу жазып, Саратов совдепінің көмегімен оны Жайық сырты қазақтарына ұшақпен жеткізді. Жанша Досмұхамедов Саратов совдепі Атқару комитетінің 1918 жылғы 17 сәуірдегі мәжілісінде жария еткен сол үндеу мәтіні мынау: «Орал облысының Жайық сыртындағы бүткіл қазақ земстволық және қоғамдық ұйымдарына, лауазымды тұлғаларға және барлық азаматтарға. Жалпықазақтық «Алаш-Орда» Халық Кеңесі Ресей Федеративтік Республикасының советтік билігін мойындағы да, Халық Комиссарлары Кеңесімен қарым-қатынас орнатты. Халық Комиссарлары Кеңесінің жанынан жақын күндерде Қазақ істері жөнінде комисариат құрылады да, ең қысқа мерзім ішінде қазақ өлкесінің автономиясы жайында декрет жарияланады. Устіміздегі жылдың 1 сәуірінде өткен Халкомкеңес мәжілісінің № 335 Қаулысына сәйкес, Зауральенің (Жайық сырты) земство мекемелері өздерінің әдеттегі міндеттерін бұрынғысынша атқара беруге тиіс.

Осыларды хабарлай отырып, біз, үндеуге төменде қол қойып отырғандар, Орал облысының Жайық сырты бөлігіндегі қазақтың барлық земстволық және қоғамдық ұйымдары мен лауазымды тұлғаларын, барша қазақтарды совет өкіметіне қарсы бағытталған қозғалыстардың ешқайсысына да қатыспауға, сондай қарсылық қозғалыстарға араласы бар адамдарға ешқандай көмек көрсетпеуге шақырамыз. Естеріңізде болсын, қандас қазақ бауырлар, сіздердің ұлттық тағдырды өз қолдарыңызға алу, ұлттың өзін-өзі билеу құқығына

иे болу жөніндегі табиғи тілектеріңізге тұңғыш рет еңбекшілердің Совет өкіметі ресми түрде құлақ асып отыр, Совет өкіметі қазақ ұлтының ұлттық мұддесін және өзін-өзі билеу құқығын мойындап отыр. Орыс пролетариатының осынау саяси тектілік-мәрттігін бағалай білініздер! Жалпықазақтық «Алаш-Орда» Халық Кеңесінің Мүшесі Досмұхамедов». Орталық мемлекеттік архивтегі «Қаратаев қорында» (ОМА, 1227-қ., 1-тізім, 2-іс, 1-байлам) сақтаулы тұрған Алаш-Орда қызметін сынни түрғыда зерттеген еңбегінде Б.Б. Қаратаев Саратов Аткомы мәжілісіндегі талқылауды, жарыссөзде орын алған құдік пен үмітті саралап баяндай келе, қабылданған қаулының мәтінін келтіреді, ол мынау: «Жалпықазақтық «Алаш-Орда» Халық Кеңесінің мүшесі Жаһанша Досмұхамедовтің баяндамасын тыңдаап, жарыссөздерді қорыта келе, Саратов Атқару комитеті былай деп қаулы алды: 1. Баяндамашы арқылы қазақ халқына сәлем жолдап, оның совет өкіметін қолдауға деген ұмтылышына қоштау көрсетілсін. 2. Қазақ халқымен өте тығыз саяси және экономикалық байланыс орнатылсын. 3. Баяндамашы ұсынған қазақ хал-қына үндеу «Известия» бетінде жариялансын. 4. Саратов мұсылман тобынан таңдап сайлап, қазақ ұйымына делегат жіберу принципті түрде қажет деп табылсын»... Алайда орталық совет өкіметі уағдаласқан келісімдерінен тез айнып кетті...

Осы тарихи оқиғаны Ақмоладағы совдепте істеп жүрген қазақ азаматтарының қалай қабылдағанын Сәкен Сейфуллин өзінің әйгілі «Тар жол, тайғақ кешу» атты кітабында (Бес томдық шығармалар жинағы, 4-ші том, 150–162-бб.) жазып кеткен еді. Ол мемуарында совет өкіметінің қазақ автономиясын мойындағанына қатты қарсылық білдіргенін суреттеген. Ақмолалықтар совет басшыларының қазақ автономиясын мойындағаны жайында баспасөзден білді, оны Сәкен аталған мемуарында былай баяндағы: «Семейден келген «Сарыарқа» газеті менен «Абай» журналының беттерінде «большевиктер қазаққа автономия берді»... деп, үлкен әріптерменен жазған «Алашорда» бастықтарының қуаныш хабарлары басылып келді. Бұл уақиғаны пайдалануға «Алашорда» бастықтары тіпті жар болып қуанған: «...Құдай берді, Алаш! Ақ түйенің қарны жарылды, Алаш!.. Шаттан, Алаш! Қуан, Алаш!..» деген. Және бұл қуаныш хабарларының бір жерінде айтқан: «Мәскеуге қазақ автономиясы туралы сөйлесуге Халел Досмұқамбетұлы мен Жанша Досмұқамбетұлы барған еді. «Жақын арада олардан Әлихан большевик бастықтарыменен сөйлесіп жатырмыз»... деген телеграмма алған еді. Автономия туралы сөйлесіп, автономияны алып шыққан сол екі сабаз екен»... деген». Осылай әңгімелей келе, Сейфуллин естелігінде одан әрі: «Ә дегенде түсініңкіремеген бізді бұл хабарлар үлкен ойға қалдырыды», – дейді. Содан соңғы қазақ автономиясы туралы өздерінің ұғым-түсінігі мен оған көзқарасын былай түсіндіреді: «Қалай ойланбайсың! «Алашорданың» Досмұқамбетұлдары Мәскеуге барып, Совет үкіметінің бастықтарымен сөйлеседі, Досмұқамбетұлдары «Ленинмен, Сталинмен автономия туралы сөйлесіп жатырмыз»... деп Бөкейханұлына телеграмма соғады. Совет үкіметінің бастықтары қазақ

автономиясын соларға береді. Бұған «Алашорданың» Семейдегілері ұран салып шаттанады. «Сарыарқа» менен «Абай» журналы арқылы жар салады. Бұған ойланбай қайтерсің! Бұл қалай?..» Осындай ойға батқан Сәкендер тездетіп «Жас қазақ» ұйымының жиылдысын өткізеді. Өз түсініктеріне сай «автономия туралы баяндама» жасап, «біраз пікір алысқаннан кейін, «Жас қазақ» ұйымы тегіс бір қарапға келді».

Қарапында: «...Қазақ халқы оқымаған надан. Кедейлері, еңбекшілері әлі байларының, төрелерінің ықпалында. Кедейден шыққан, кедейді жақтастын оқығандар аз. Қазақ оқығандарының көбі байларды, төрелерді бастап, «Алашорда» болды», – деп бір түйді. Сосын:

«Алашшылдарды» бөлмей қазаққа қазір автономия берсе, «Алашордашылдар» иеленіп кетеді», – деп шошынды. Сондықтан да: «Алашорда» алған автономияның қазақ еңбекшілеріне керегі жоқ...» деп қорытты. Мұнымен қоймай, Сәкен жақтастарымен бірге Совдеппен сөйлесіп, Ақмола үйеziнің қазақ кедейлері съезін шақырды. «Өкілдер тез жиылды, – деп еске алды Сейфуллин. – Асығыс болған соң, алыс елдерден шақыра алмадық. Съезд аштық. Съезд Совдептің астыңғы үйінде болды». Съезде Сәкен автономия туралы баяндама жасады. Съезд бірауыздан «Жас қазақ» ұйымының қарапындағы қаулы алды.

«Алашорданың алған автономиясының қазақ еңбекшілеріне керегі жоқ. Автономияны өзімізден оқығандар көбейгенде аламыз»... деп съезге қаулы шығарттық. Осыны айтып съездің атынан Сталинге телеграмма соқтық». – Міне, қазақ белсенділері ұлттық бірлікті сақтаудың мәнін ұқпай, Алаш-Орда 1918 жылды жүзеге асырған елдік іске өздерінің жақтастарымен қисынсыз тапшылдық сезім жетегінде осылай қарсылық көрсетті. Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери-революциялық комитет 1920 жылғы 5 наурыздағы қаулысымен Алаш-Орданы мұлдем жойды...

Қазақ қайраткерлерінің саясатта оралымдылық таныта алмай, ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртқан Алашорда бітімін советтік негізді мойындай отырып сақтау мүмкіндігінен айрылып қалғаны, әрине, өкінішті. Одан да өкінішті, мұндай жоғалтып алған мүмкіндіктер, Б. Қаратаев айтып кеткен әkkі құлдың психикасын қалыптастырған царизм заманынан бері жойылып кете қоймағандықтан, әсіресе империялық большевиктер партиясының еркіне әбден көндіккендейтін, беріде де кездесіп жатты. Орталыққа еміне қарау салдарынан 1924 жылғы ұлттық-мемлекеттік межелеу кезінде Ортаазиялық Федерация құрып барып Совет Одағының құрылтайшылары қатарына қосылу, содан кейін даму деңгейлері теңескеннен кейін барып дербес республикаларға бөліну идеясы да, Ташкентті қазақ еліне беру талабы да, Орта Азияда жаңадан шаңырақ көтерген республикалардың Қазақстанмен экономикалық одақ құру бастамасы да қолдау таппады. Тіпті, бертінде, біріккен славян республикалары Одақтың тарағанын жария етіп, өзгелерге жаңа қауымдастыққа кіру үшін есікті ашық қалдырғандарын жария еткенде де Орталық Азия республикалары ұтымды қауымдастық ұйыстыруға, сөйтіп славян қауымдастығымен тең

дәрежеде ынтымақтастық құруға ұмтылғатындағы батылдық көрсете алмады. Ақыры тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа көгенге жеке-жеке көгенделді. Бұлардың болашақта ұлт мұддесінің кезекті міндеттерін зерделеп қаастырғанда есте шықпағаны жөн болар еді. Репрессия құрбандарын толық ақтау жұмыстары жалғаса берері сөзсіз, дегенмен осы уақытқа дейін атқарылған істер негізінде бұқара қызметіне қойылар танымдық-тәрбиелік мәні бар шаралар ретімен барлық өлкетану мұражайларында арнайы бөлімдер ашу, тіпті, үлкен зерттеу орталығы мен зерде музейін үйымдастыру ескерілсе, мәселе мектеп оқулықтарында ашық та айқын көрсетілсе деген ұсыныс білдіргіміз келеді.

Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ